

"Дарын" облыстық мектеп-интернатын ашу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімі 1997.05.19. N 90 Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1997.06.13. N 2 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2007 жылғы 24 мамырдағы N 16 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2007.05.24 N 16 Шешімімен

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы "Дарынды балаларға арналған мектептерге мемлекеттік қолдау көрсету және дамыту туралы" N 3002 N963002 2 өкімін жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 қыркүйектегі N 1125 P961125_ Қаулысына сәйкес, жаңа білім беру қызметтерінің қажеттілігін ескере отырып, облыс әкімі ШЕШІМ Ш Ы Ғ А Р Д Ы :

1. 1997 жылдың 1 қыркүйегінен Солтүстік Қазақстан университетінің жанынан базалық мектеп 9-11 сынып оқушылары үшін мемлекеттік емес тұрпаттағы "Дарын мектеп-пансионы ашылсын.

2. Петропавл қаласының әкімі /Ходеев П.Ф./ "Дарын" мектебінің оқушылары үшін пансион ұйымдастыру үшін мүлкімен бірге "Космос" балалар бақшасын /Первомай к.118/ берсін.

3. Меммүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитет /Жақыпов Қ.Ө./ "Космос" балалар бақшасын беруді сәйкес құжаттармен рәсімдесін.

4. Білім департаменті /Ваховский Ф.И./ жаңадан құрылатын мектеп-пансионның сапалы қызмет жасауына бақылауды қамтамасыз етсін.

О б л ы с ә к і м і